

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ

«БЕКІТЕМІН»

Қостанай мемлекеттік
педагогикалық институтының
ректоры

Қ.М.Баймырзаев

«03» қаңтар 2013 ж.



БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

П ҚМПИ - 54

Көшірме	Код	Басылым	Дайындаған	Келісілді	Келісілді
	П ҚМПИ – 54	екінші	Н.Ю. Кифик	М.Ә. Төлеген	Т.С.Баянов

Қостанай қ, 2013 жыл

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
	Бақылау жұмысы туралы ереже	Р ҚМПИ - 54	Беті: 2

Жалпы ережелер

1.1. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтындағы бақылау жұмыстарын орындау Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 – III «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына ҚР МЖМБС 5.03.007-2006 «Кәсіптік білім беру бағдарламалары. Негізгі ережелер», ҚР МЖМБС 5.04.019-2011 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер», 2011 жылғы 17 маусымдағы №261; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. бекітілген 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері» бұйрығына, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

1.2. Осы Ереже Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты білім алушыларының бақылау жұмыстарын және оны бағалауды тағайындау мәселелерін айқындайды.

1.3. Студенттердің бақылау жұмысы оқу сапасын арттыруға көмектесіп, білімді қадағалауды қамтамасыз етеді.

1.4. Бақылау жұмыстарын өткізудің түрлі нысаны болады: қарапайым және бағдарламаландырылған, бақылау тестілері, семестрлік тапсырмалар, рефераттар, жеке және үй тапсырмалары, т.б.

1.5. Бақылау жұмыстары келесі түрлерге бөлінеді:

- пән бойынша бақылау жұмыстары;
- бақылау жұмыстары СӨЖ-дің бір түрі ретінде;
- сырттай оқыту бөліміндегі бақылау жұмыстары.

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
	Бақылау жұмысы туралы ереже	Р ҚМПИ - 54	Беті: 3

1.6. Пән бойынша бақылау жұмыстары аралық бақылау барысында жүргізіледі, ол академиялық күнтізбеге сәйкес материалды бір немесе бірнеше модуль бойынша оқығаннан кейін жүзеге асырылады.

1.7. Пән бойынша бақылау жұмыстары мынадай мақсатта:

- меңгерілген теориялық материалдарды практика жүзінде қолдана білуге (тапсырмалар, практикалық жаттығуларды орындау, жағдайды талдау);
- студенттің білімін бағалай отыра, оның пәннің осы бөлімінің мазмұнын қаншалықты дәрежеде игергендігін, бұрынғыөтілген тақырыптармен логикалық байланыс орната алу қабілетін анықтау мақсатында жүргізіледі.

1.8. Пән бойынша бақылау жұмыстарының саны пәннің мазмұны мен көлеміне байланысты анықталып, аталмыш пәннің силлабусында көрсетіледі.

1.9. СӨЖ түріндегі бақылау жұмыстары:

- жұмыс оқу бағдарламасымен белгіленген оқу материалдарын студенттердің терең меңгерулері үшін, пәннің бөлімдерін өз бетінше пысықтауға бағыттау;
- пәннің теориялық және практикалық жағынан күрделі, маңызды деген бөлімдерін зерделеуге көмек көрсету;
- болашақ мамандарды кәсіби даярлауды дамыту.

1.10. Бақылау жұмыстарының осы түрі реферат, әдебиет туындылары, баяндама, тезис, ғылыми мақала және т.б. түрінде орындалуы мүмкін.

1.11. Сырттай оқыту бөліміндегі бақылау жұмыстары көбінесе жазбаша түрде орындалады, оның үстіне сырттай оқыту бөлімінің студенттері бақылау жұмыстарын орындау арқылы емтихан сессияларына рұқсат алады. Кафедраның шешімі бойынша жазбаша жұмыс компьютерлік тестілеумен ауыстырылуы мүмкін, ол студенттің бақылау жұмысын өз бетінше орындауына

	Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты	Күні: 03.01.2013ж.	Екінші басылым
	Бақылау жұмысы туралы ереже	Р ҚМПИ - 54	Беті: 4

мүмкіндік береді. Компьютерлік тестілеу оқу материалының көлеміне байланысты жүргізіледі, оны студент өздігінен меңгеруі қажет. Оның мазмұны кафедра оқытушыларымен әзірленіп, кафедра отырысында бекітіледі.

1.12. Сырттай бөлімдегі пән бойынша бақылау жұмыстарының саны оқу жоспары мен оқу пәндерінің жұмыс бағдарламасымен анықталады.

1.13. Сырттай оқыту бөлімінің студенттері үшін жазбаша түрде орындалатын бақылау жұмыстарының көлемін кафедра белгілейді: жазбаша нұсқа үшін көлемі 12 беттен кем емес төркөзмектеп дәптері немесе 5 бетті машинамен басылған мәтін (компьютерлік терілім Times New Roman 14 кегіл, 1,0 интервал).

2. БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСТАРЫН БАҒАЛАУ

2.1. Бақылау жұмысы ағымдық және аралық бақылауға бөлінген ұпай санымен балдық-рейтингтік әріптік жүйемен бағаланады (60 балл).

Бақылаудың бұл түрі бойынша ең көп балл саны пәнді жүргізетін оқытушымен айқындалып, пәннің жұмыс бағдарламасында көрсетіледі.